

ӘОЖ 371.3:81'243

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕТУДЕГІ ТІЛДІК БОЛЖАМНЫҢ МАҢЫЗЫ

Караулова Аяулым Мұсаханқызы

karaulovasht@gmail.com

«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студентті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.А. Қожахметова

Қазіргі көпұлттық әрі көптілдік қоғамда бірнеше тілді меңгерген, заманауи тұлға қалыптастыру – маңызды мәселелердің бірі. Бала кезде игерілген дағдылар мен меңгерілген білім іргетасы сапалы және берік болары сөзсіз.

Шетел тілінде сауатты оқу қазіргі заман ғалымдарын толғандырар бірден бір мәселе. Оқу ең маңызды дағдылардың бірі. Әсіресе академиялық шетел тілдік ортадағы студент үшін оқу қабілеті ақпарат алу және білімін арттыру құралы іспеттес. Ал өзге тілде оқу қабілеті

жоғары болуы үшін бай сөздік қор иесі болу керегі анық. Шетел тілін үйрену барысында тап болатын басты қиындықтың бірі – шектеулі сөздік қоры. Мәтінде кездескен кейбір белгісіз сөздер берілген мәтінді түсінуге кедергі келтірмейді, бірақ білім алушы мәтіндегі сөздердің басым бөлігімен таныс болмаса немесе маңызды терминдерден хабары болмаған жағдайда мәтінді түсіну барысында қиындық туындайды [1]. Осы тұста шетел тілін меңгерушілер бейтаныс сөз мағынасын анықтау мақсатында екі тілді сөздіктерге жүгінеді. Көп жағдайда олар бұл сөздіктерді жаңа сөз мағынасын анықтаудың таптырмас құралы деп біледі. Алайда, Хакин және Блоктың пайымдауы бойыншы сөздіктер, әсіресе шетел тілін үйренушілер арасында аса танымал кішкентай, қалта сөздіктері көп жағдайда қанағатандырырлық ақпарат көзі бола алмайды [2]. Сонымен қатар сөздікті шамадан тыс қолдану оқырманның назарын мәтіннен жиі алаңдатып қана қоймай жаңылыстыруы да әбден мүмкін, өйткені әр түрлі тілдердегі сөздердің тікелей баламаларын таба алмау ықтималдығы бар. Оқу барысында аударма сөздікке көз жүгірту мағынасы белгілі және белгісіз сөздер арасында байланыс орнату арқылы мәтіннің мәнін ұғынуға және жаңа ақпарат қабылдау процессінде бөгет болады. Әлбетте, оқырман құлаққа жат естілер сөздің өз тіліндегі баламасын және мәнін аударма құралдарының көмегіне жүгіну арқылы анықтайды, бірақ бұл әрекет мәтіннің оқылуы аяғына жетіп, оқырманның таныс емес сөздерге ой жүгіртіп, өзіндік тұжырымдаға келгеннен кейін жасалуы тиіс.

Дегенмен сөздік қорымызды шетел тіліндегі барша сөздермен толтыру мүмкін емес, осы орайда тілдік болжам – тіл меңгеру барысындаға таптырмас көмекші құралдардың бірі болмақ. Тілдік болжам дегеніміз – сөздің мағынасын мәнмәтінге байланысты анықтау, яғни мәтіндегі таныс сөздер мен көмекші сөздерді қолдана отырып болжам жасау.

Бұл дағды сізге көмегін көрсетіп қана қоймай тығырыққа алып келуі де әбден мүмкін. Тілдік болжамды қолданбас бұрын оқушының тіл деңгейіне мән берген жөн. Бастапқы сатыларда (*beginner, elementary*) шәкірт сөз құралу принциптерін жетік білмей, тілді әзірге толық сезіне қоймайды, сондықтан кейбір қиындықтар туындау қаупі бар. Бірақ, айтылып өткен ақпарат берілген тәсілді мүлдем қолдануға болмайды деген сөз емес, оны дамытуға болады.

Оқушыларда осы тәсілді дамытудың бірнеше жолдары бар:

1. Егер бейтаныс сөз бірнеше сөздердің тіркесуінен құралған болса, сөздерді бөліктерге бөліп логикалық тұрғыдан болжам жасау. Мысалы, *unforgettable* сөзін алар болсақ: “*forget*” сөз түбірі, “*-table*” әдетте сөзді сын есімге айналдыру үшін қолданылатын жұрнақ, “*-un*” болымсыз мәнге ие префикс сияқты үш бөліктен құралған. Осы үш бөлікті жинақтап контекстке қосу арқылы, оқырман сөздің мәнін анықтай алады.

2. “*Contextual cues*” – оқу немесе тыңдау барысындағы таныс емес сөздің жанында кездесіп, тікелей не жанама түрде ақпарат беретін көмекші немесе кілт сөздер. Мәнмәтіндік кілт сөздер астарлы ишара немесе тікелей түсініктемелер арқылы берілуі мүмкін. Кілт сөздер синоним, антоним, анықтамалар, түсініктемелер, салыстырулар(метафора) және кереғар (контраст) сөздер[3]. Мысалы:

- Синонимдік кілт сөздер – мәнмәтіндегі мағынасы бірдей сөздерден құралған көмек.

*The alumni **fete** is planned for the last day of June. It will be a great **party!***

- Антонимдік кілт сөздер – мәнмәтіндегі мағынасы бір біріне қарама-қарсы сөздерден құралған тұспал.

*“No, that didn’t **literally** happen, that was just **figuratively** said”*

- Анықтамалық кілт сөздер сөздің мағынасын тікелей ашады.

*In Britain people call a **car’s trunk** its “**boot**”*

- Түсініктемелік кілт сөздің мағынасын түсіндіру арқылы жасалған болжам.

*It’s a **space satellite**, not an **alien ship**.*

- Салыстырмалы кілт сөздер белгісіз сөзді түсіндіру барысында метафора секілді астарлы мағыналы көмекшілер қолдану.

*When I went into the kitchen and see that the **volcano** on the stove is already beginning to erupt, I extinguished the **fire** and sat down on the table.*

- Кереғар мәнмәтіндік көмекші сөздер сөздің мағынасын ұқсас емес элементтер қолдану арқылы анықтайды.

*April said that she could bring a **wine**, but **grape** isn't the wine any longer.*

Тіл мамандары тілдік болжамды жеңілдететін қосымша үш тәсілді ұсынады:

- **Тіл ішіндегі** көмек – яғни сөздің қай сөз табы екенін анықтай отырып, оның мәнін болжамдау.

- **Тіларалық** – басқа тілден алынған, күнделікті өмірде жиі кездестіретін сөздер арқылы болжам жасау. Мысалы, “*perfect*” сөзінің мағынасын ағылшын тілінің өзінен енген “*перфекционист*”- мінсіздікке ұмтылу мағынасын беретін сөзден болжам жасай аламыз.

- Тілден тыс құбылыстар арқылы жасалған ишаралар. Мысалы, белгісіз сөздің суретін көру арқылы пайымдау.

3. Тілдік болжамды дамытудың тағы бір ерекше тәсілі оқушыларды **сөздікпен жұмыс жасауды үйрету** болып табылады. Жоғарыда айтылып өтілгендей екі тілді аудармашы емес шетел тілінің түсіндірме сөздігі. Шетел тіліндегі түсіндірме сөздіктер белгілі бір сөзге қарапайым тілде, синонимдер, мысалдар қолдану арқылы жазылған анықтама береді. Бұл тәсіл ана тілінде ойлап, кейін сол ойды шетел тіліне аударудан арылуға үлкен септігін тигізеді.

4. Тілдік болжамды дамытуда маңызды саналатын түсініктердің бірі – **конверсия**, яғни ешқандай жұрнақ немесе префикс жалғанбай, жазылуы мен айтылуы өзгеріске ұшырамай, түбір сөздің басқа сөз табына алмасуы арқылы іске асатын сөз жасам тәсілі[4].

Мысалы: “*to progress*” етістік ретінде “даму” деп аударылар болса, дәл сол “*progress*” сөзі зат есім ретінде “ілгерілік” мағынасында қолданылады.

5. Тілдік болжамды дамытудағы айтарлық пайдасы болар тәсілдің бірі **туынды сөздерді** қалыптастыру және оларды ажырата білу қабілеті. Оқушылар ең көп тараған жұрнақтар мен префикстердің негізгі мәндерін білуі керек. Келесі жатығуларды жасау арқылы белгілі бір нәтижеге жетуге болады:

- Берілген формулалар арқылы сөз қалыптастыру және аудару:

- V+er = n, n+less = a, v+ment = n

- Мәтіннен туынды сөздердің белгілеп оған анықтама беру немесе аудару.

- Етістік тудырушы жұрнақтарды (-ify, -ize, -ate) пайдалана отырып сөз қалыптастыру.

6. Шетел тілін үйрену интеграцияланған, яғни біртұтас үрдіс, яғни тек лексикалық материалмен ғана емес, грамматикаға да мән беру өте маңызды. Мәтінде сөздердің мағынасын білу үшін жақсы грамматикалық база болу өте маңызды. Сондықтан тіл деңгейі жоғары болған сайын, әдетте, тілдік болжам жақсы дамыған болады. Оқушылардың назарын сөйлемдегі сөздер тәртібіне, түрлі құрылымдарға, сөз таптары мен сөз құрамына, яғни грамматикалық белгілерге байланысты сөздің мәнін анықтауға аудару қажет.

Жоғарыда берілген барлық кеңестерді іске қосу үшін және тиімді пайдалану үшін келесі 5 қадамды іске асыру қажет [5]:

1. Мәнмәтіннен белгісіз сөзді анықтап алу

2. Мәнмәтінге көз жүгіртіп сөздің грамматикалық құрылымын анықтау.

3. Мәтінді толық қарап, басқа сөз таптарымен байланысын анықтау.

4. Болжам жасау.

5. Болжамды тексеру.

Мәнмәтінге байланысты болжам жасау әрдайым пайдалы бола бермейді, себебі мәтін әрдайым маңызды ақпаратқа ие бола бермейді. Егер жаңа сөз пайда болған сөйлемдер сөздің анықтамасын анық айтпаса, мағынасы оқырманның есінде ұзақ сақталмауы мүмкін. Есте берік сақталуы үшін оқырман бірнеше рет сөзді көруі керек.

Жалпы, зерттеуге сәйкес, мәнмәтіндік болжам жасаудың сөз жаттауға пайдасы, жеке тұрғанда есте сақтауға жасалған әрекеттерінен көбірек екендігі айқындалады. Яғни, сөз

бірінші кездескенде есте сақтауға тырысамыз, екінші кездестіргенде сөздің мәні туралы көбірек білеміз. Кейінірек жаңа және түрлі контекстте кездестіру арқылы сөз жадымызда жатталады[6].

Бұл дағдыны шыңдау арқылы уақыт өте келе оқушыларға таныс емес сөздерді болжаудың оңайылап жатқанына көз жеткізеді. Айтылған дағдыларды жетік меңгеру студенттердің белсенді сөздік қорын кеңейтуге және практикалық тілдік артықшылықтарға ие болудан басқа, бұл жалпы оқу үрдісін талдау, жүйелеу, синтездеу және жеңілдету дағдыларын дамытуға ықпал етеді, “*autonomous learners*” атануға және тіл оқуда үздік атануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Soria, J. (2001). A study of Pokano learners' lexical inferencing procedures through think-aloud. *Second Language Studies*, 19, 77-110.
2. Huckin, T., & Bloch, J. (1993). Strategies for inferring word-meanings in context: A cognitive model. In T. Huckin, M. Haynes & J. Coady, (Eds.). *Second language reading and vocabulary learning*. (pp. 153-176). Norwood, NJ: Ablex Publishing Corporation.
3. <https://www.thoughtco.com/context-clue-vocabulary-1689919>
4. Бочкарева, Т.С., Основы теории изучаемого языка. Теоретическая грамматика английского языка. Лексикология: Методические указания к практическим занятиям/ Т.С. Бочкарева, В.В. Морозов – Оренбург: ГОУ ОГУ, 2004. – 83с.
5. Nation, I.S.P. (2001). *Learning vocabulary in another language*. Cambridge: Cambridge University Press.
6. Michael F. Graves, *The Vocabulary Book: Learning and Instruction*.